

**«Yessenov Data Lab» бағдарламасының
ЕРЕЖЕСІ
SHAKHMARDAN YESSENOV FOUNDATION**

I. Жалпы ережелер.

- 1.1. **«Yessenov Data Lab» бағдарламасы** (бұдан әрі – «Бағдарлама») – бұл қазақстандық жас ғалымдардың алған білімдерін әрі қарай қолдану үшін, үлкен деректерді талдаудың базалық дағдыларына нақты практикалық жұмыстарда үйрету, сондай-ақ олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған 4 апталық интенсив.
- 1.2. Бағдарлама «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» жеке қорының (бұдан әрі – «Қор») бастамасы бойынша қаржыландырылады.
- 1.3. Бағдарламаның мақсаты – жас ғалымдардың осы бағытта одан әрі дербес дамуы үшін қажетті үлкен деректермен жұмыс істеу саласындағы дағдыларын дамыту.
- 1.4. Осы Ережеде «демеушілік көмек» терминінің мағынасы оқытуды қаржыландыру, оның ішінде лекторларға ақы төлеу, техникалық және әкімшілік шығындар болып табылады.
- 1.5. Жеңімпаздарға арналған бағдарламаға қатысу тегін. **Жыл сайын бағдарламаға қатысушылардың ішінен бағдарламаның 20 (жиырма) жеңімпазы іріктеліп алынады.**
- 1.6. Жеңімпаздар ашық конкурс барысында іріктеледі. Конкурс кемінде жылына бір рет өткізіледі.
- 1.7. **Бағдарлама 2024 жылғы «17» маусымнан бастап «13» шілдеге дейін 4 апта бойы үлкен дектермен жұмыс жасауды үйретуді және де академиялық емес (коммуникативті) дағдыларды және көшбасшылық қасиеттерді дамытуды ұйғарады. Оның ішінде 3 (үш) апта онлайн - 2024 жылғы «17» маусымнан «05» шілдеге дейін және 1 (бір) апта офлайн форматта – 08-13 шілде аралығында Алматы қаласында өтеді. Оқыту тілі: орыс тілі, техникалық ағылшын тілі элементтерін пайдаланылуы мүмкін.**

II. Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар.

- 2.1. Бағдарламаға 18 (он сегіз) жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматтары, бакалавриат студенттері, магистранттар, докторанттар және келесі *бағыттар бойынша жұмыс істейтін мамандар ғана қатыса алады:
- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
 - инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
 - денсаулық сақтау.
- *жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес (13.10.2018 ж.).
- 2.2. Бағдарлама жеңімпазын айқындау кезінде үміткерлердің мынадай қасиеттері ескерілетін болады:
- 2.2.1. жоғары интеллектуалды әлеует;
 - 2.2.2. өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылу;
 - 2.2.3. тиімділікке назар аудару;
 - 2.2.4. бейімделу қабілеті.
- 2.3. Ізденуші өзінің белсенді кәсіби, ғылыми, қоғамдық қызметін, кәсіптік дағдыларының төменде көрсетілген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық түрде мәлімдеуі және растауы тиіс:
- 2.3.1. күшті аналитикалық қабілеттер;
 - 2.3.2. Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысуға және/немесе IT технологияларды дамытуға қызығушылық пен ниет;
 - 2.3.3. статистика және сызықтық алгебра негіздерін білу.
- 2.4. Өтінім берушіде келесі параметрлерге сәйкес келетін жеке жабдық (компьютер/ноутбук) болуы керек. Ұсынылатын параметрлер:
- 2.4.1. CPU Intel Core Gen 7 және одан жоғары, Mac Silicon M1 және одан жоғары
 - 2.4.2. RAM (ОЗУ) 6 Гб және одан жоғары.

2.5. Секундына 20 МБит және одан жоғары жылдамдықпен, алайда секундына 10 МБит кем емес тұрақты интернет желісі болу керек.

2.6. Артықшылық болып табылады:

2.6.1. ғылыми салада қызығушылықтың болуы;

2.6.2. өзінің ғылыми мақалалары, материалдары, кез келген зерттеулердің нәтижелері, және басқалары;

2.6.3. B1 және одан жоғары деңгейде ағылшын тілін білу.

III. Байқаудың іріктеу кезеңдері.

3.1. Байқау іріктеудің 3 (үш) кезеңін қамтиды, олардың әрқайсысы аяқталғаннан кейін үздік үміткерлер іріктеледі. Байқаудың ашылғаны туралы хабарландыру Қордың **yessenovfoundation.org** интернет-сайтында және Қордың әлеуметтік желілерінде жарияланады.

3.2. Байқауды өткізу үшін Қор төменде сипатталған бағдарлама байқауының 3 (үш) кезеңінің нәтижелері бойынша қатысушыларды іріктеуді жүзеге асыратын Сараптамалық кеңес құрады.

3.3. Сараптама комиссиясының шешімі Қордың бұйрығымен байқау жеңімпаздарының ресми расталған тізімі түрінде бекітіледі. Кезеңдердің нәтижелері және байқау жеңімпаздарының тізімі қордың интернет-сайтында жарияланады: [yessenov foundation.org](http://yessenovfoundation.org).

3.4. **Бірінші кезең - өтінімдерді қабылдау және бағалау.**

3.4.1. Өтінімдер Қордың yessenovfoundation.org интернет-сайтында: **2024 жылғы «14» наурыз бен «17» сәуір аралығында қабылданады.**

Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы «17» сәуірде Астана қ. уақыты бойынша сағат 15:00-де аяқталады (UTC+5).

Қабылдау мерзімінен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

Үміткер өтінімге келесілерді қоса беруге міндетті:

Міндетті құжаттар:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;

2. Транскрипт (барлық семестрлер) немесе бакалавриатты бітіргені туралы дипломның бағалары бар көшірмесі (магистранттар мен мамандар үшін);

3. «Мен деректерді талдауды келесідей мақсатта үйренгім келеді...» тақырыбындағы эссе (7 сөйлемнен кем емес және 750 сөзден артық емес);

4. Түйіндеме.

Қосымша құжаттар:

5. Үміткердің ғылыми зерттеулер саласындағы жетістіктерін және/немесе белгілі бір ғылыми салада білдірілген мүдделерін көрсететін Портфолио және тиісті растауларды ұсыну қажет:

6. *курстардан өту - 2 құжаттан артық емес;

7. *жеке ғылыми мақалалар - 2 құжаттан артық емес;

8. *олимпиадаларға және/немесе конференцияларға қатысу - 2 құжаттан артық емес;

9. *мақалалар, материалдар, кез келген зерттеулердің нәтижелері

10. ағылшын тілін меңгергенін растайтын Сертификат (бар болған жағдайда).

**Қор сертификаттардың шектеулі санын қарастырады. Үміткер өз жетістіктерін жақсы көрсететін сертификаттарды өз бетінше таңдауы керек.*

3.4.2. Барлық құжаттар топтамасы бар өтінімді Қордың интернет-сайтында онлайн толтыру арқылы ұсыну қажет: **yessenovfoundation.org**.

3.4.3. **Өтінім мен эссені қазақ немесе орыс тілдерінде толтыруға болады. Құжаттарды (сертификаттар, дипломдар, ұсынымдар және т.б.) түпнұсқа тілінде (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде) ұсынуға болады.**

3.4.4. Байқауға құжаттарды тапсыру өтінім берушінің бағдарламаның мақсаттарымен бөлісетінін және осы Ережеде баяндалған байқауды өткізудің барлық шарттарымен келісетінін және оларды толығымен орындауға дайын екенін білдіреді.

3.4.5. Конкурса құжаттарды тапсыру ізденушінің бағдарламаның мақсаттарымен бөлісетінін және осы Ережеде баяндалған конкурсты өткізудің барлық шарттарымен өзінің келісімін растайтынын және оларды толық орындауға дайын екенін білдіреді.

3.4.4. Мерзімінде келіп түскен барлық өтінімдерді Қор қызметкерлерімен және тәуелсіз сарапшылармен **2024 жылғы «18» сәуірден бастап «03» мамырға дейінгі** мерзімде рецензияланады және бағаланады.

3.4.5. Екінші кезеңге өткен үміткерлер тізімі қордың интернет-сайтында жарияланады: **yessenovfoundation.org**. Байқаудың бірінші кезеңінің соңында **60 (алпыс) үміткер** іріктеледі.

3.5. **Екінші кезең** – тестілеу.

3.5.1. Екінші кезең **2024 жылдың мамыр айының 06 мен 10 аралығында** өткізіледі.

3.5.2. Математика және логика бойынша тестілеу. Тестілеу 30 (отыз) сұрақтан тұрады (60 минут). Онлайн форматта өтеді;

3.5.3. Деректерді талдау емтиханы. Емтихан - бұл регрессияға арналған қарапайым тапсырма.

3.5.4. Тестілеуді сәтті тапсыру үшін үміткер келесі тақырыптар бойынша **негізгі білімге** ие болуы керек:

- 1) матрицалар, сызықтық теңдеулер;
- 2) бағандар (математика);
- 3) сызықтық регрессия, орташа мәндер, медианалар;
- 4) функциялардың графигін құру;
- 5) айнымалылар, циклдар, шарттар, массивтер (кез келген бағдарламалау тілінде);
- 6) статистика мен ықтималдықтар теориясының негізгі білімі-ықтималдықтардың таралуы, кездейсоқ шама, мат. күту, ковариация, қалыпты таралу.

3.5.5. Үшінші турға өткендердің тізімі Қордың сайтында жарияланады. Екінші турдың қорытындысы бойынша 40-тан аспайтын үміткер іріктеліп алынады.

3.6. **Үшінші кезең** – сұхбат.

3.6.1. Үшінші кезең **2024 жылдың 05-15 мамыр аралығында** өткізіледі.

3.6.2. Үшінші кезеңге қатысушылар онлайн-режимде өтетін Қордың Сараптамалық кеңесімен әңгімелесуге шақырылады. Әңгімелесу барысында тәуелсіз сарапшылар:

1. аналитикалық қабілеттер;
2. кандидаттардың кәсіби қасиеттері;
3. бағдарламалау дағдылары мен тәжірибесі (бар болса);
4. жоғары интеллектуалды әлеует;
5. өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға үнемі ұмтылу;
6. т.б.

3.6.3. Сондай-ақ, әңгімелесу кезінде байқауға үміткерлердің сапасы келесі бағыттарды байқау арқылы бағаланады:

1. жалпы байланыс;
2. құндылықтар мен көзқарастар жүйесі, мотивация;
3. жалпы белсенділік;
4. эмоционалды интеллект;
5. қазіргі әлемнің талаптарын түсіну;
6. жалпы психологиялық жетілу;
7. ойлау;
8. ізденушілердің әлеуметтік желілерде уәждемелік хабарламалар жариялауға дайындығы.

3.6.4. Әңгімелесудің ұзақтығы - 60 (алпыс) минутқа дейін. Байқаудың үшінші кезеңі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) жеңімпаз таңдалады.

3.6.5. Қор байқауға қатысушыларға өз шешімдеріне түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.

3.6.6. Қор **2024 жылғы «24» мамырға дейін** қорытынды шешім қабылдайды. Байқау жеңімпаздарының тізімі Қордың интернет-сайтында жарияланады: **yessenovfoundation.org**.

IV. Демеушілік көмекті тағайындау тәртібі.

4.1. Демеушілік көмек бағдарлама байқауының Үздік қатысушыларының ішінен **20 (жиырма)** жеңімпазға тағайындалады. Бағдарлама жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасына байланысты ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін.

4.2. Бағдарламаны конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша жеңімпаздар өтеусіз негізде қордың «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде (Бұдан әрі – «мектеп») **2024 жылғы «17» маусымнан бастап «13» шілдеге дейін төрт апталық оқудан өтеді, оның ішінде 3 (үш) апта онлайн – «17» маусымнан бастап «05» шілдеге дейін және 1 (бір) апта, 2024 жылғы 08-13 шілде аралығында, Алматы қаласында офлайн форматта өтеді. Қор Алматы қаласынан**

тыс жерде тұратын жеңімпаздардың ұшуы мен тұруы бойынша шығындарды өзіне алады. Қор офлайн оқыту кезеңінде мектептің барлық қатысушыларын тамақпен қамтамасыз етеді.

4.4. «Yessenov Data Lab» жазғы мектебінде оқу басталғанға дейін Қор мен бағдарлама жеңімпазы арасында демеушілік көмек көрсету туралы шарт (бұдан әрі – «келісімшарт») жасалады.

4.5. Оқу грантын алған бағдарлама жеңімпазы қормен жасалған демеушілік көмек көрсету туралы шарттың талаптарын сақтауға міндетті, оның ішінде, алайда онымен шектелмей:

- 1) кестеге сәйкес YDL сабақтарына қатысу және себепсіз сабақтарды өткізіп алмау;
- 2) барлық тапсырмаларды, соның ішінде YDL оқыту шеңберінде өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға міндетті;
- 3) YDL емтихандарын уақтылы тапсыру;
- 4) YDL өзге де міндеттемелері мен ережелерін сақтауға міндетті;
- 5) Қор туралы ақпаратты кез келген қолайлы нысанда, оның ішінде Қордың оң беделін қамтамасыз ететін өзінің әлеуметтік желілерінде Жарияланымдар түрінде таратуға, сондай-ақ қор ұсынатын ақпараттық-жарнамалық материалдарды таратуға;
- 6) өзінің кәсіби және кәсіби емес қызметтегі жетістіктері туралы ақпаратты Қорға жеткізуге;
- 7) Қордың сұрау салуы бойынша түсірілімдерге, инфосессияларға және басқа да коммуникациялық белсенділіктерге қатысуға міндетті;
- 8) өтінімде көрсетілген электрондық поштаға сұрау салуды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қордың сұрау салуы бойынша ақпарат беруге міндетті;
- 9) Қордың сұрау салуы бойынша оның қызметіне және Қор бағдарламаларына жәрдем көрсетуге міндетті;
- 10) Қордың сұрау салуы бойынша жеке фотосуреттерді, мәтіндік және бейнематериалдарды (оқу/ жұмыс/ тағылымдама /қоғамдық іс-шаралар орнынан және т. б.) ұсынуға (фото және бейнеде адамдардың сыртқы түрі мен киімі ұқыпты және зайырлы болуы тиіс), сондай-ақ Қордың іс-шаралары кезінде фото және бейне сессияларға қатысу Қазақстан жастары үшін мотивациялық мақсатқа ие Қор ресурстарында және басқа да жарияланымдарда табыс тарихын құру;
- 11) шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде бағдарлама жеңімпазы мен Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы әрекеттерді жасаудан, жасауға итермелеуден қалыс қалады, қандай да бір ақшаны немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді, қандай да бір заңсыз артықшылықтарға қол жеткізу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы адамдардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаға.

4.6. Бағдарламаға және (немесе) Ережеге қатысты барлық сұрақтар бойынша Қор тарапынан уәкілетті тұлғаға келесі байланыстар бойынша жүгінуге болады:

- Григорий Ли: grigoriy.l@yessenovfoundation.org, телефон: +7 705 888 5788;

- Ирина Грищенко: irina.g@yessenovfoundation.org, телефон: +7 771 775 1815.

4.7. Қор үміткерлер және/немесе бағдарлама жеңімпаздары ұсынған ақпаратты кез келген заңды тәсілдермен тексеруге және ақпарат шындыққа сәйкес келмеген жағдайда бағдарламаны (кез келген кезеңде) және/немесе кез келген ізденушінің бағдарламасын байқаудың іріктеуінен алып тастауға құқылы.

4.8. Қор бағдарлама гранттарына үміткерлер бойынша қабылданған шешімдердің себептері туралы түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады.